

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің және Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 – 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары.

В статье рассмотрены проблемы вхождения Казахстана во Всемирную Торговую Организацию. Изучен зарубежный опыт ценообразования сельскохозяйственной продукции. Определены главные задачи государственной внешнеторговой политики на современном этапе.

In article problems of occurrence of Kazakhstan in the World Trade Organization are considered. Foreign experience of pricing of agricultural production is studied. The main tasks of the state foreign trade policy at the present stage are defined.

ӨОЖ 631.185.109

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НЕСИЕЛІК СЕРІКТЕСТІКТЕРМЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН НЕСИЕЛЕУДІ ТАЛДАУ

ANALYSIS OF CREDITING OF AGRICULTURE CREDIT ASSOCIATIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Қамысбаев М.Қ.
M.K. Kamysbayev

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Мақалада Қазақстан Республикасындағы несиелік серіктестермен ауыл шаруашылығын несиелеуді талдау жүргізілген. Несиелік серіктестермен ауыл шаруашылығын несиелеу ерекшеліктері қарастырылған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеңілдігі бар кредит ресурстарын беру мүмкіндіктері негізделген.

Қазақстанның халық шаруашылығының ең негізгі маңызды саласы ауыл шаруашылығы халықты азық-түлік өнімдерімен, ал өңдеуші өнеркәсіпті қажетті ауыл шаруашылық шикізатымен қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығының еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орыны бар. Ауыл шаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Оған қоса, ел халқының жартысына жуығының әлеуметтік жағдайы ауыл аймақтарымен тығыз байланыста. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан қаржылық көмек күшейтілді.

2011 жылдың I тоқсандық қорытындысы бойынша, реинвестицияланатын қаражаттар есебінен (алдында берілген несиелер бойынша өтелген қаражаттар), «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ жалпы сомасы 339,1 млн теңгені құраған 479 шағын несиелер берген. Қордың баспасөз қызметінің берген ақпаратына сәйкес, шағын несиелер мынадай мақсаттарға берілген: 82% - мал шаруашылығын дамытуға, 5% - өсімдік саласына, 13% - бизнестің басқа түрлерін дамытуға.

Фермер шаруашылықтарына ірі қара мал басын көбейтуге несие беру болып табылатын "Сыбаға" бағдарламасы бойынша, қормен меншікті қаражаты есебінен 100 млн теңге бөлінді, осы жылғы бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджет есебінен 1500 млн теңге бөлінеді.

2011 жылдың 1 сәуіріндегі жағдайға сәйкес 19 жобаға жалпы 101,7 млн теңге қаржы бөлінген, олардың ішінде Ақмола облысына жалпы сомасы 75,7 млн теңгені құраған 14 несие, ШҚО 26 млн теңгеге 5 несие берілген.

Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа жолдауында, «аграрлық секторда ет - мал шауашылығын дамыту бойынша бұрын - соңды болмаған жоба іске асырылады. 2016 жылдың өзінде –ақ ет экспорты 60 мың тоннаға жетеді, бұл өз кезегінде 4 млн тонна бидай экспортымен тең. Мемлекет осы мақсаттарға 130 млрд теңге болатын несие ресурстарын бөледі. Бұл ауылды жерлерде 20 мыңнан астам жұмыс орны ашылып, 100 мың ауыл тұрғыны тұрақты табыс көзімен қамтамасыз етіледі. Осы арқылы кез келген түрі бойынша асыл тұқымды және сапалы мал басын арттыруға мүмкіндік береді», - деген болатын.

Қазақстан Республикасында ауылдық несиелік серіктестіктерді (АНС) дамыту бойынша миссиясы біріншіден, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімді атқарымдылығы, оны қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған. АНС ұйымдастыру-құқықтық нысаны қатысушыларына АНС қызметін бақылауға, оны басқаруға мүмкіндік береді, мұндай мүмкіндіктер бірде-бір қаржы институтында жоқ.

Банктік емес қаржы ұйымы ретінде АНС қызметі келесі қағидаттарға сәйкес жүргізіледі: өз бетінше, қаражатты тиімді тартып, орналастыруға, өз міндеттемелері бойынша мерзімінде жауап беруге қабілетті айқындылық, қаржы тәуелсіздігі және тұрақтылық. АНС сапалы құрамының да мәні зор. АНС бұрынғы қатысушыларының қосымша жарнасы есебінен жарғылық капиталды ұлғайту және жаңа қаржылай тұрақты кәсіпорындар мен бірлестіктерді тарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізу керек. Сондай-ақ АНС көрсетілетін қаржылық қызмет түрлерін кеңейту қажет. Қатысушыларға кредит берудің түрлі нысандарын ұйымдастыру бойынша қосымша қызмет көрсету керек. АНС тұрақты перспективті қызметі үшін қосымша қаржы ресурстарын тартуға мүмкіндік беретін АНС жоғары пайдалылығы үшін барлық жағдай жасау керек. Жоғарыда көрсетілетін қызметтер ауылда АНС рөлін көтереді және капитал айналымын арттыру есебінен кіріс бөлігін ұлғайтады. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін қолайлы пайыздық ставка белгілеудің маңызы үлкен.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жеңілдігі бар кредит ресурстарына қол жеткізу мақсатында, «Аграрлық секторға несие беру мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен республикада жарғылық капиталына қатысумен АНС құру және олар арқылы ауыл шаруашылығы құрылымдарына кредит беру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - Корпорация) құрылды. Осы қаулымен АНС қатысушыларына жеңілдігі бар несие ресурстарын беру үшін Мемлекеттік қаржы ресурстарын тарта отырып ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит берудің пилоттық жобасы(бұдан әрі – Пилоттық жоба) мақұлданған.

Пилоттық жоба екі кезең бойынша іске асырылады:

Бірінші – мемлекеттік 10 пайыздық қатысуымен Аграрлық несие корпорациясы – мамандандырылған қаржы институтын құру. Қазіргі уақытта Корпорацияның жарғылық капиталы 6 290 000 мың теңге көлемінде қалыптасты.

Екінші кезеңде аймақтық қаржы институттары - ауылдық кредит серіктестіктерінің желісін құру көзделген. Осы қаулымен АНС ықтимал қатысушыларына қойылатын талаптар көзделген:

- Жарғылық капиталға жарнаны тек қана ақшалай енгізу;
- Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және/немесе қайта өңдеу саласындағы қызметінің үш жылдан кем емес мерзімі болуы;
- Өндірістік-қаржы қызметі орнықтылығының болуы;
- Қатысушылар саны 20-дан кем емес және жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері кемінде 3 000 000 (үш миллион) теңгені құрауы тиіс.

Пилоттық жобаның мақсаты – ауылшаруашылық өндірісіне несие берудің жаңа жүйесін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің қаржылық қаражатын тарту және осы мақсатқа бөлінетін мемлекеттік кредит ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ұйымдастыру. Несие ресурстары қайтарымдылық, ақылы және мерзімділік шартында бөлінеді. АНС жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанында құрылады және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге ҚҚА лицензиясы негізінде өз қызметін орындайтын коммерциялық ұйым болып табылады.

2001-2005 жылдары республиканың он үш облысында 130 АНС құрылды. 3 мыңнан астам ауыл шаруашылығы құрылымдары немесе аймақтағы ауыл шаруашылығы құрылымдарының жалпы санынан 8-13 % АНС құрылтайшылары болып табылады. Қатысушылардың 74 % - шаруа қожалықтары, 16 % - ЖШС және 10 % - басқалар.

Несиелік серіктестіктердің мейлінше қарапайым ұйымдастыру және атқарымдық құрылымына қарамастан, кәсіпорынның субъектілері НС құру кезінде кейбір қиындықтарға тірелуі мүмкін. Біріншіден, әлеуетті қатысушылардың шектеулі ресурстық мүмкіндіктері. Кәсіпорындардың басым көпшілігі қаржылық қиындықтарды басынан кешіреді. Бұндай жағдайларда болашақтағы несие алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін несиелік серіктестікке дереу қаражатты салу мақсаттылығы оларда күмән туғызады. Екіншіден, кредиттік серіктестік қатысушыларынан кредит алу кезегін кім және қандай критерийлер бойынша белгілейтіндігі туралы мәселе туындайды. Нәтижесінде, осы таза техникалық мәселе теориялық жоспардағы ең дәлелденген ұсынымдардың күлі көкке ұшатын «тұйық тасқа» айналуы мүмкін. Үшіншіден, бизнестегі серіктестеріне сенім дәрежесі түсініктемені қажет етпейді. Қазіргі кезде бірі бәрі үшін жауапты болатын кәсіпкерлердің тіптен кішкентай ұжымын құру оңай емес. Ортақ қассаны қайсыбірінің өзіне иемденіп қалу мүмкіндігінің қаупі зор. Аталған қиындықтарға қарамастан, несиелік серіктестік ұсақ және орта кәсіпкерлік саласындағы барынша маңызды міндеттердің бірі – кредит беруді шешуге қабілетті. Бұл несиелік серіктестіктер ие басым мүмкіндіктерге байланысты.

«Аграрлық секторға кредит беру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы ғ 137 қаулысын іске асыру үшін 2005 жылғы 1 шілдеге жағдай бойынша республиканың он үш облысында жарғылық капиталдарына Корпорацияның қатысуымен 130 ауылдық несиелік серіктестігі құрылды. Корпорацияның қатысуымен құрылған АНС-лардың жалпы жарғылық капиталы 2 875,3 млн. теңге, бұл ретте Корпорацияның үлесі 627,8 млн. теңге құрады, қатысушылар саны – 4,3 мың шаруа қожалықтары, Серіктестіктердің қатысушылары 7,3 млн. га жер алқабына, 890,6 мың мал басына ие. 119 Серіктестік әділет органдарында тіркеуден өтті, оның ішінде 94 Серіктестік банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге уәкілетті органнан лицензия алды.

2001-2004 жылдары ауылдық несиелік серіктестіктеріне несие беру үшін Корпорацияға республикалық бюджеттен 4 689 млн. теңге, оның ішінде 2004 жылы – 2 млрд. 120 млн. теңге берілді.

2005 жылы Корпорацияның жарғылық капиталы 5 610 млн. теңгеге ұлғайды, оның ішінде 215,2 млн. теңге - 41 АНС құрылуына қатысу үшін және 5 394,8 млн. теңге - АНС-ға несие беру үшін көзделген.

Несие түпкі қарыз алушыларға (АНС қатысушыларына) АНС Ішкі несиелік саясатына сәйкес мерзімділік, ақылы, қайтарымдылық және қамтамасыз ету шартында бөлінеді. Несиелер мерзімдер бойынша беріледі: қысқамерзімді (1 жылға дейін), ортамерзімді (1-3 жыл) және ұзақмерзімді (3 жылдан астам); нысаналы бағыты бойынша: өсімдік шаруашылығы (көктемгі егін жұмыстары және егін жинау жұмыстары), мал шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы техникасы мен құрал-жабдықтарын сатып алу. Берілетін несие көлемі қатысушының АНС жарғылық капиталына енгізген жарна сомасына байланысты.

2001-2002 жылдары сыйақының пайыздық ставкасы АНС қатысушылары үшін жылдық 10 % құрады, оның ішінде 5 % - Корпорациянікі және 5 % - Серіктестіктікі. Қазіргі уақытта Корпорация ауылға несие беру нарығындағы төрт жылдық инновациялық қызметінен соң, АНС қатысушылары үшін сыйақының пайыздық ставкасын орташа жылдық 8-9 % азайтты, оның ішінде 4 % - Корпорациянікі және 4-5 % - Серіктестіктікі.

2005 жылғы 1 шілдеге жағдай бойынша 75 Серіктестікке несие берілген, ссудалық берешек қалдығы 8 703,4 млн. теңге құрады.

Жалпы, 2 064 АНС қатысушылары несие алды – бұл негізінен орта және шағын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер: 1 617 – шаруа қожалықтары, 228 – ЖШС, 139 - ӨК, 7 АҚ және 73 жеке кәсіпкерлер.

Ссудалық портфелінің құрылымы салалар қимасында келесідей:

- өсімдік шаруашылығы 30,0 % жалпы берешегі (2 611,0 млн. теңге)
- мал шаруашылығы 43,0 % (3 742,5 млн. теңге)
- а/ш техникасы мен құрал-жабдықтар сатып алуға 27,0 % (2 349,9 млн. теңге)

Корпорация мен АНС алдындағы мемлекеттік қаржы ресурстарын тарта отырып, ауыл шаруашылығы өндірісіне кредит берудің пилоттық жобасымен қойылған мақсаттар негізінен орындалды және өзінің нарықтағы өміршеңдігін дәлелдеді.

Талдау жасай отырып, келесі қорытынды жасауға болады: есепті жылы Қазақстан Республикасында барлығы ауылдық несиелік серіктестіктер мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен шаруа қожалықтарына 27983,3 млн теңге көлемінде несие бөлінген, және бұл өз кезегінде ауылдық несиелік серіктестіктер ауыл шаруашылығы өндірісін қаржыландырудың тиімді құралы сапасында өз міндетін атқара отырып экономикалық тиімділігі дәлелденді. Ал оның тиімділігі бірінші кезекте берілген несиенің қайтарылымдылығымен байланысты болғандықтан қазіргі кездегі олардың қайтарылу дәрежесі Республика деңгейінде орташа есепте 50 пайызды құрайды. Қазіргі кезге дейінгі несиенің қайтарылуы өз деңгейінде, ал қайтарылмаған несиенің әлі толық өтеу мерзімі толық бітпеген.

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»// Егемен Қазақстан, - 29 қаңтар 2012ж.

2. Кужиев Б.С. Қазақстандағы ауылшаруашылық өнімдерін шығаратын бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық тауарларын шығарушыларға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету//КазЭУ хабаршысы, 2008, № 3.

3. Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу туралы ҚР-ның заңы.

В статье проведен анализ кредитования сельского хозяйства кредитными товариществами Республики Казахстан. Рассмотрены особенности кредитования сельского хозяйства кредитными товариществами. Обоснована возможность льготного кредитования производителей сельскохозяйственной продукции.

In article the analysis of crediting of agriculture is carried out by credit associations of the Republic of Kazakhstan. Features of crediting of agriculture are considered by credit associations. Possibility of preferential crediting of producers of agricultural production is proved.